

## **"Мерхав" фирмасымен қаржылық талаптарды түпкілікті өзара реттеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 наурыз N 327

"Мерхав" фирмасының жобаларын жүзеге асыру барысында туындаған келіспеушіліктерді түпкілікті реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының израильдық "Мерхав" фирмасына қарыздарын өтеу кезінде туындаған келіспеушіліктерді реттеу бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіндегі 1996 жылдың 29 ақпанында болған келіссөздердің қорытындылары мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының сыртқы міндеттемелерін өтеу үшін республикалық бюджетте көзделген қаржы есебінен "Мерхав" фирмасына 10 күн мерзім ішінде 5 (бес) млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі талаптар сомасын төлесін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі облыс әкімдерімен бірлесіп 1996 жылдың 1 сәуіріне дейін ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша құрал-жабдықтар мен техникалар алған өздерінің берешектерінің үлесін республикалық бюджетке қайтару туралы түпкі заемшылармен шарт жасауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі мен Қаржы министрлігі "Мерхав" фирмасының ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жөніндегі технологиясын пайдалану және құрал-жабдықтарды жеткізу туралы контрактілерді жасаудың белгіленген тәртібін бұза отырып шешім қабылдаған басшылардың жауапкершілігі мәселесін шешу үшін материалдарды тергеу орнына берсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі